

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығына қатысушылардың және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 90 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 қыркүйекте № 24477 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-1-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-2-бабының 3 және 4-тармақтарына, 43-бабының 24) және 37) тармақшаларына, 46-бабының 10 және 10-1-тармақтарына, 48-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығына қатысушылардың және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Тізбенің 2-тармағының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізілетін елу үшінші, елі төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс бірінші, жетпіс екінші, жетпіс үшінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы, жетпіс жетінші, жетпіс сегізінші,

жетпіс тоғызыншы, сексенінші, сексен бірінші, сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы абзацтарын қоспағанда, 2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің Ұлттық

статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының  
2021 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 90 қаулыға  
қосымша

**Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығына қатысушылардың және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19632 болып тіркелген "Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді

басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастырады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар, "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары тәуекелдерді басқару жүйесін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17462 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысына сәйкес қалыптастырады.

Қағидалардың талаптары "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын , уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарына сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттары бойынша инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерге қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау тәртібі, сондай-ақ осындай активтерге қатысты ұсынымдар мен инвестициялық шешімді жасау және олардың мазмұнының тәртібі бөлігінде қолданылады."

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де

нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемелерінде:

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін "сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып есептеу тәртібі:

1) есептеу өткен қаржы жылында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының немесе өткен қаржы жылындағы жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасын негізге алып жүзеге асырылады, олардан есептеу үшін ең жоғары шама алынады;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының "көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру" сыныбы бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының (жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақыларының) сомасы 50 (елу) пайызға ұлғаюға тиіс;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныбы бойынша қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының (жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақыларының) сомасы 50 (елу) пайызға ұлғаюға тиіс;

4) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес есептелген жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының (жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақыларының) сомасы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлемінің шығыстар сомасына, сондай-ақ корпоративтік табыс салығының сомасына азаяды;

5) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес есептелген, 3 500 000 000 (үш миллиард бес жүз миллион) теңгеден аспайтын мөлшердегі сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 18 (он сегіз) пайызға көбейтіледі, қалған асып кету сомасы 16 (он алты) пайызға көбейтіледі.

Алынған нәтижелер осы тармақтың 6) тармақшасына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне жинақталады және түзетіледі;

6) түзету коэффициенті өткен 3 (үш) қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасының (сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде) өткен 3 (үш) қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасына қатынасы ретінде есептеледі. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,5 (нөл бүтін оннан бестен) кем болса, онда есептеу үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) алынады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өткен 3 (үш) қаржы жылында сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмаса, төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу кезінде түзету коэффициенті қолданылмайды.

13. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін "төлемдер әдісін" пайдалана отырып есептеу тәртібі:

1) есептеу үшін өткен 3 (үш) қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасы пайдаланылады.

Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген, сақтандыру тәуекелдерімен ғана айналысатын сақтандыру ұйымы есептеу үшін өткен 7 (жеті) қаржы жылындағы жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасын пайдаланады;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы "көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру" сыныбы бойынша жүзеге асырған жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасы 50 (елу) пайызға ұлғаяды тиіс;

3) жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасы өткен қаржы жылының соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасына ұлғаяды және мыналарға азаяды:

есепті қаржы жылының алдындағы 3 (үш) жыл үшін қаржы жылының соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасына;

осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген сақтандыру ұйымдары үшін – есепті қаржы жылының алдындағы 7 (жеті) жыл үшін қаржы жылының соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасына;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу үшін мыналар пайдаланылады:

осы тармақтың 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес алынған соманың үштен бір бөлігі;

осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген сақтандыру ұйымдары үшін – осы тармақтың 3) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес алынған соманың жетіден бір бөлігі;

5) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес есептелген, 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңгеден аспайтын мөлшердегі сақтандыру төлемдерінің сомасы 26 (жиырма алты) пайызға көбейтіледі, қалған асып кету сомасы 23 (жиырма үш) пайызға көбейтіледі.

Алынған нәтижелер Нормативтердің 12-тармағының 6) тармақшасына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне жинақталады және түзетіледі.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмаса, онда төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу "төлемдер әдісін" пайдаланбай жүзеге асырылады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Нормативтердің 17-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сақтандыру сыныптары бойынша қалған сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері зейнетақы аннуитеті шарттарын қоспағанда,

қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының және осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес есептелген түзету коэффициентінің 4 (төрт) пайызының көбейтіндісіне тең.

Зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша – қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің және осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес есептелген түзету коэффициенті сомасынан Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және Заңның 47-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған олардың құрылымына қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар) сәйкес белгіленген жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеменің ең жоғары мөлшерінің көбейтіндісіне тең.

Түзету коэффициенті өткен қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде, қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңындағы қалыптастырылған сақтандыру резервтері жалпы сомасына қатынасы ретінде есептеледі. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бестен) кем болса, онда есептеу үшін 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бес) алынады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең аз мөлшері мынадай шамалардан кем болмайды (айлық есептік көрсеткіштермен):

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін – 500 000 (бес жүз мың);

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін – 500 000 (бес жүз мың);

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін – 700 000 (жеті жүз мың);

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы және қайта сақтандыру бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін – 700 000 (жеті жүз мың).";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Капиталдың баптарын есепке ала отырып есептелген төлем қабілеттілігінің нақты маржасы мынадай формула бойынша анықталады:

$НТҚ = ЖК + БК - МЕА - Шөж - Шек - И - РЗ$ , мұнда:

НТҚ – капиталдың баптарын есепке ала отырып есептелген төлем қабілеттілігінің нақты маржасы;

ЖК – артықшылықты акциялар шегерілген төленген жарғылық капитал;

БК – төлеуге жататын дивидендтер шегерілген, өткен жылдар мен ағымдағы жылдың бөлінбеген кірісі (оның ішінде қорлар, болжанбаған тәуекелдер резерві,

тұрақтандыру резерві, өткен жылдар мен ағымдағы жылдың таза кірісі есебінен қалыптастырылған резервтер);

МЕА – Нормативтердің 34-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтер;

Шөж – өткен жылдардың орны толтырылмаған шығыны;

Шек – есепті кезеңнің орны толтырылмаған шығыны;

И – басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар;

РЗ – Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдары болып табылатын тұлғаларға не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлғаларға берілген реттелген қарыз.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Облигациялар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17884 болып тіркелген "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын ( облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны ұсыну және қарау, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне ( облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және ( немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 248 қаулысымен бекітілген облигациялар шығарылымын орналастыру қорытындысы туралы есептің негізінде ғана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының реттелген борышы болып танылады және төлем қабілеттілігінің нақты маржасын есептеуге енгізіледі.

Нормативтердің 30 және 31-тармақтарында көрсетілген талаптардан басқа, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының реттелген борышы болып табылатын облигациялар сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес келеді:

облигациялардың меншік иесінің бастамасы бойынша немесе уәкілетті органның алдын-ала келісімінсіз өтеуге жатпайды;

эмиссия проспектісінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін борыш бойынша сыйақы төлемін кейінге қалдыру құқығы көзделген;

бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінде шығын болған жағдайда негізгі борышты және төленбеген сыйақыны түзету және бұл ретте сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз қызметін жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі көзделген.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнының есебіне олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескеріле отырып, мыналар кіреді:

1) ақша:

кассадағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің қайта сақтандыру активтері шегерілген сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомадағы ақша – баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 38-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша – баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша – Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесіне сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін есептеуде көрсетілген көлемде;

бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы – баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы – баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

2) Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар – Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 38-тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған салымдар – Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;



4) Нормативтердің 38-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бейрезидент банктерде орналастырылған салымдар – Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 38-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары – Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

6) "өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтанушыларына беретін қарыздар – негізгі борыш сомасының 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомадағы жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал-жабдықтар – баланстық және нарықтық құндардың ең аз мөлшерінің 100 (бір жүз) пайызы көлемінде.

Пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде ескерілетін негізгі құралдардың нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы олардың құнын бағалаушыда жылына кемінде бір рет бағалау жүргізеді;

8) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

материалдық емес активтер: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз ету - жинақталған амортизацияны ескере отырып өзіндік құн мөлшерінде және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерде;

9) қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

осы тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардан алынатын сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жоғары өтімді активтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайтын сомада;

10) олардың бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде көзделген айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаған бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеу бойынша бағалы қағаздардың эмитенттеріне қойылатын талаптар (бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

11) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

сақтанушы:

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 (елу) пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға;

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) рейтинг агенттігінің немесе басқа рейтинг агенттіктерінің "BB+" төмен емес рейтингі бар заңды тұлға;

мынадай өлшемшарттарға сәйкес:

өнімді сатудан (қызмет көрсетуден) түскен пайда соңғы 2 (екі) жыл үшін жыл сайын кемінде 50 (елу) миллиард теңгені құрайтын;

салықтық аударымдар соңғы 2 (екі) жыл үшін кемінде 3 (үш) миллиард теңгені құрайтын ірі жүйе құрушы кәсіпорын болып табылғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының өтімділігі жоғары активтері сомасының

15 (он бес) пайызынан аспайтын сомада алуға арналған сақтандыру сыйлықақылары

Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру шартына қосымша келісімін (келісімдерін) немесе жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша алғашқы сақтандыру жарнасын ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын есептеуіне енгізіледі.

Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтанушы қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын есептеуіне енгізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып, есептеуіне (осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген ақша) қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау кезінде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы ақшаны орналастырумен байланысты туындаған дебиторлық берешекті қоспағанда):

шарт талаптары бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін шарт талаптары бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек " ауырған жағдайда сақтандыру" сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астамын құрайды;

сақтандыру (қайта сақтандыру) қорғаудың қолданылу мерзімі басталмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша пайда болған дебиторлық берешек; ірі қатысушылардың, еншілес ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысы болып табылатын немесе қомақты қатысуы бар ұйымдардың, сондай-ақ өзге үлестес ұйымдардың дебиторлық берешегі енгізілмейді.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімді сақтандыру жарналары түрінде мерзімін ұзартып төлеу көзделген болса, сақтанушы (қайта сақтанушы) кезекті сақтандыру жарнасын есепті күні төлемеген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып дебиторлық берешек сомасының (кейінгі кезеңді сақтандыру жарналары) қалдығы мерзімі өткен болып саналады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мынадай активтері өтімділігі жоғары активтер ретінде танылады:

1) қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада болатын кассадағы ақшасы;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы ақшасы;

3) Нормативтердің осы тармағының 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы ақшасы;

5) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған, мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін салымдары:

акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі эмитенттер болып табылады;

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

Қазақстан Республикасының резидент-бас банктері, Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-еншілес банктері болып табылады;

6) халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған, Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар, Еуразия Даму Банкінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен орналастырылған салымдар;

7) бейрезидент-банктерде орналастырылған, Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "ВВВ-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар;

8) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған);

9) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;

10) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;

11) "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған борыштық бағалы қағаздар;

12) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

13) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

14) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В-" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі

рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (эмитентте бар) мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

15) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес халықаралық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына номинирленген борыштық бағалы қағаздар;

16) шет мемлекеттердің Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздары;

17) шетелдік эмитенттердің Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің рейтингі бар (эмитентінде бар) мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

18) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

19) заңды тұлғалардың қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

20) Қазақстан Республикасының резидент–заңды тұлғаларының "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары;

21) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

22) инвестициялық қорлардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздары;

23) пай активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары;

24) Morningstar (Морнингстар) рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс),

Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары;

25) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

26) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

27) тазартылған бағалы металдар және металл шоттар;

28) бағалы қағаздардың эмитенттеріне бағалы қағаздардың номиналдық құны бойынша қойылатын, бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде көзделген олардың айналыс мерзімінің (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) аяқталуына байланысты туындаған талаптар.

Нормативтердің мақсаты үшін негізгі қор индекстері ретінде мынадай есептік көрсеткіштер (индекстер) түсініледі:

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) (Компани дэ Эжон дэ Шанж 40 Индекс);

DAX (Deutscher Aktienindex) (Дойтче Акциениндекс);

DJIA (Dow Jones Industrial Average) (Доу Джонс Индастриал Эвередж);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index) (Юроп Эс Ти Оу Экс Экс 50 Прайс Индекс);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) (Файнэншл Таймс Сток Эксчейндж 100 Индекс);

HSI (Hang Seng Index) (Ханг Сенг Индекс);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index) (Казакстан Сток Эксчейндж Индекс);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Ворлд Индекс);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) (Москоу Эксчейндж Раша Индекс);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) (Никкэй-225 Сток Эвередж Индекс);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) (Стандард энд Пурс 500 Индекс);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) (Токио Сток Прайс 100 Индекс);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) (Насдак-100 Индекс).

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің кестесінде көрсетілген көлемде өтімділігі жоғары активтердің есебіне енгізіледі.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша активтерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің сомасын есептеу үшін мыналар есепке алынбайды:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншік құқығы шектелген активтер (РЕПО операцияларын қоспағанда).

"Кері РЕПО" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар (орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері РЕПО" операциясының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздарды қоспағанда) олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнының есебіне Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде енгізіледі.

"Кері РЕПО" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің есебіне Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің кестесінде көрсетілген көлемде енгізіледі;

Орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері РЕПО" операциясының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жоғары өтімді активтерін ескере отырып, олардың құнының есебіне толық көлемде енгізіледі.

2) екінші деңгейдегі банктерде Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA+" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі болатын жағдайларды қоспағанда, Заңға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары немесе сақтандыру холдингтері болып табылатын немесе оларда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі болып табылатын екінші деңгейдегі банктердегі салымдар және ағымдағы шоттар;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар.";

42 және 43-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерді әртараптандырудың мынадай нормативтерін сақтайды:

1) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банкі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банкі болып табылатын екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, Қазақстанның Даму Банкінде салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) инвестициялардың жиынтық баланстық құны ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып):

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 50 (елу) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B"-дан "B+"-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) инвестициялардың жиынтық баланстық құны ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып):

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 15 (он бес) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;



2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 15 (он бес) пайызынан көп емес;

3) Standard & Poor ' s агенттігінің (Стандард энд Пурс) халықаралық шәкілі бойынша "B-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларындағы баға қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

4) Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғадағы және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларындағы бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) және ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

5) тазартылған бағалы металдар мен металды шоттарға жиынтық орналастыру:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

6) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларға берілген қарыздардың жиынтық мөлшері:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

7) шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

8) Нормативтердің 39-тармағында тізбесі белгіленген халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

9) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағының 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

10) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 5 (бес) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 5 (бес) пайызынан көп емес;

11) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

12) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағының 25 ) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес құрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің бір эмиссиясындағы облигациялардың жалпы көлемінен 25 (жиырма бес) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген активтердің әртараптандыру нормативтерін есептеу кезінде екінші деңгейдегі банктің және оның үлестес тұлғаларының активтеріне жиынтық орналастыру үлестес тұлғалардың осы тобына активтерді орналастырудың барынша рұқсат етілген лимитіне байланысты нормативтердің біреуінде көрінеді.

43. Нормативтердің 42-тармағында көрсетілген әртараптандыру нормативтері:

Нормативтердің 42-тармағында көрсетілген әртараптандыру нормативтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаның, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және ұлттық басқарушы холдингтердің бағалы қағаздарына;

орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері РЕПО" операциясының нысаны болып табылатын бағалы қағаздарға қолданылмайды.

Активтердің әртараптандыру нормативтерін есептеу мақсаттары үшін ұлттық басқарушы холдинг арқылы ғана үлестес болып табылатын тұлғалар ұйымның үлестес тұлғалары болып танылмайды.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру ұйымының шығындылық коэффициенті Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13056 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 240 қаулысына сәйкес айқындалады.

Егер қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген есепті кезеңдегі шығындылық коэффициентінің орташа мәні М қаржы жылдары үшін

70 (жетпіс) пайыздан кем болғанда тұрақтандыру резерві есептелмейді.

Сақтандыру сыныбы бойынша қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген есепті кезеңдегі шығындылық коэффициентінің орташа мәні және қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген есепті кезеңдегі шығындылық коэффициентінің орташа квадраттық ауытқуы алдыңғы 5 (бес) қаржы жылдарындағы деректердің негізінде анықталады.";

64 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Қаржы ұйымы болып табылатын, бірақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылмайтын сақтандыру тобы қатысушысының нақты төлем қабілеттілігі маржасын және төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшерлерін есептеу сақтандыру тобының мұндай қатысушысының пруденциялық нормативтерін есептеуге сәйкес анықталады.

Егер қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру тобы қатысушысы үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерді және (немесе) шартты және ықтимал міндеттемелерді есептеу тәртібі белгіленбесе, онда төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының)

жеткіліктілігі нормативін (коэффициентін) орындау үшін қажетті төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшерінің мәніне тең болады.

Қаржы ұйымы болып табылмайтын сақтандыру тобына қатысушылардың төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері сақтандыру тобының осы қатысушысына қатысты пруденциялық нормативтерді есептеуге сәйкес белгіленген меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентіне көбейтілген салымдардың кредиттік тәуекелдің дәрежесі бойынша мөлшерленген сақтандыру тобы қатысушысының активтері және (немесе) шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасына тең болады.

Егер сақтандыру тобының қатысушысына қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) жеткіліктілігі нормативін (коэффициентін) есептеу тәртібі белгіленбесе, онда осы қатысушы бойынша:

нақты төлем қабілеттілігі маржасы (меншікті капитал) қаржылық есептілік негізінде активтер мен міндеттемелердің айырмасы ретінде анықталады;

төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$MK = A \times 0,14$ , мұнда:

МК - сақтандыру тобы қатысушысының төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшері;

А - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15886 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Банктің нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелеріне, капиталының мөлшеріне сәйкес салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сақтандыру тобына қатысушы активтерінің, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы.

Салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша активтер, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсаттары үшін активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша құрылған резервтер (провизиялар) сомасына азаяды.

Салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленетін сақтандыру тобына қатысушылардың активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері сомасын есептеуге сақтандыру тобына қатысушылардың бір-біріне қоятын талаптары енгізілмейді.";

4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша сыныптамасын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің кестесі осы Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығына қатысушылардың және өзгерістер мен

толықтырулар енгізілетін бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің кестесі Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталға қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесі Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру полисінде мынадай мәліметтер:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банктік деректемелері;

2) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті), заңды мекенжайы және (немесе) тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін);

3) сақтанушының атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті), орналасқан жері және нақты мекенжайы, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);

4) сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), телефон нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резидент- жеке тұлғасы болып табылса) немесе сақтандыру агентінің атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы, телефон нөмірі және бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резидент- заңды тұлғасы болып табылса);

5) сақтандыру нысанын көрсету;

6) сақтандыру жағдайын көрсету;

7) сақтандыру сомасының мөлшері, валюта түрі, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімі;

8) сақтандыру сыйлықақысының (егер төлем бөліп төленсе, сақтандыру жарнасының) мөлшері, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру

сыйлықақысының жалпы сомасы және жеңілдікті (бар болса) ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысының сомасы, сақтандырушы ұсынатын сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы және жеңілдігі (бар болса) ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысының сомасы, валюта түрі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері;

9) сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы көрсету;

10) сақтандыру полисін жасасу күні және оның қолданыс мерзімі;

11) егер сақтандыру полисінде сақтандырылушы (пайда алушы) көрсетілген жағдайда, ол сақтандыру полисі бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылушының (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

12) сақтандыру полисінің нөмірі (сақтандыру полисін қағаз нысандағы сақтандырушының бланкісінде ресімдеген жағдайда) немесе дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым берген сақтандыру полисінің бірегей нөмірі (сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеген кезде);

13) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы сақтанушыны немесе сақтандырылушыны хабардар ету мерзімдері;

14) экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);

15) сақтандыру полисінің қолданылатын аумағын көрсету;

16) сақтандырушының қолы (сақтандыру полисі қағаз нысандағы сақтандырушының бланкісінде ресімделген жағдайда);

17) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес мәліметтер қамтылады.

Экономика секторының коды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17274 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес көрсетіледі.

Экономикалық қызмет түрі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және

оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысына 38-қосымшаға сәйкес көрсетіледі."

4. "Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18293 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерін және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеудің нормативтік мәндері мен әдістемесінде:

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Капиталдың баптарын ескере отырып есептелген төлем қабілеттілігінің нақты маржасы мынадай формула бойынша анықталады:

$НТҚ = ЖК + БК - МЕА - Шөж - Шек - И$ , мұндағы:

НТҚ – капиталдың баптарын ескере отырып есептелген төлем қабілеттілігінің нақты маржасы;

ЖК - артықшылықты акциялар шегерілген төленген жарғылық капитал;

БК – төленуге тиіс дивидендтер шегерілген өткен жылдар мен ағымдағы жылдың бөлінбеген кірісі (оның ішінде қорлар, күтілмеген тәуекелдер резерві, тұрақтандырылған резерв, өткен жылдар мен ағымдағы жылдың таза кірісі есебінен қалыптастырылған резервтер);

МЕА – Нормативтердің 32-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген бағдарламалық қамтылымды қоспағанда, материалдық емес активтер;

Шөж – алдыңғы жылдардың орны толтырылмаған шығындары;

Шек – есепті кезеңнің орны толтырылмаған шығындары;

И – басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Исламдық қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру ұйымының шығындылық коэффициенті Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13056 тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас



коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 240 қаулысына сәйкес айқындалады.

Егер исламдық қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындылық коэффициентінің орташа мәні М қаржы жылдары үшін 70 (жетпіс) пайыздан кем болғанда тұрақтандыру резерві есептелмейді.

Исламдық сақтандыру сыныбы бойынша қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындылық коэффициентінің орташа мәні және қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындылық коэффициентінің орташа квадраттық ауытқуы өткен 5 (бес) қаржы жылындағы деректер негізінде анықталады."

5. "Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20514 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 50 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларында :

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін сондай-ақ мынадай ұғым пайдаланылады:

1) мобильді қосымша – интернет-ресурстардың мазмұнын қарау, өңдеу және көрсету үшін пайдаланылатын браузерлерді қоспағанда, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс пен Интернет желісі арқылы электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді ұсынатын бағдарламалық өнім;

2) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру

ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы;

3) электрондық терминал – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын не қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру операцияларын жүзеге асыруға не шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға не өзге де операция түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растау құжаттарын қалыптастыруға арналған электрондық-механикалық қондырғы.

3. Міндетті және жүктелген сақтандыру бойынша электрондық нысанда электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып қана жүзеге асырылады.

Ерікті сақтандыру бойынша электрондық нысанда электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу сақтандырушының интернет-ресурсын және тиісті келісім негізінде сақтандырушының әріптестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурсын (бұдан әрі – әріптестің интернет-ресурсы) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Серіктестің интернет-ресурсы арқылы электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасу мақсаттары үшін ғана жүзеге асырылады.

Электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасу үшін қажетті деректерді енгізуді қамтамасыз ететін мобильді қосымшаларды, электрондық терминалдарды пайдалануға және оларды сақтандырушының интернет-ресурсына және (немесе) ақпараттық жүйесіне жіберуге рұқсат етіледі.

Мобильді қосымша немесе электрондық терминал банкке немесе төлем ұйымына тиесілі болған және олар сақтандырушының интернет-ресурсына тікелей қол жеткізу үшін пайдаланылатын және сақтандырушының интернет-ресурсында сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді енгізуге арналған құрал болып табылатын жағдайларды қоспағанда, электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы міндетті және міндеттелген сақтандыру бойынша электрондық нысандағы сақтандыру шарттарын жасасу кезінде сақтандырушыға тиесілі емес мобильдік қосымшаларды, электрондық терминалдарды пайдалануға жол берілмейді.

Сақтандырушының интернет-ресурсына тікелей қолжеткізу үшін мобильді қосымша мен электрондық терминалды пайдалану кезінде:

сақтанушының мобильді қосымша немесе электрондық терминал арқылы сақтандырушының интернет-ресурсына қолжетімділігі сақтандырушының Интернеттегі интернет-ресурсының домен атын пайдалану жолымен жүзеге асырылады ;

сақтандырушы төлем ұйымына тиесілі мобильді қосымшаны қоспағанда, дербес деректердің және сақтандыру құпиясының қорғалуын және сақталуын, сондай-ақ

электрондық терминал иесін қоса алғанда, үшінші тұлғалардың осы құрылғылар арқылы сақтандырушының интернет-ресурсына берілетін мәліметтерге қол жеткізу мүмкіндігінің болмауын қамтамасыз етеді;

сақтандырушы осы Қағидалардың талаптарын сақтамаған жағдайда мобильді қосымшаның немесе электрондық терминалдың иесімен электрондық ақпараттық ресурстармен одан әрі алмасу және осы иеленушіге тиесілі мобильді қосымшаны немесе электрондық терминалды пайдалана отырып, электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасу мүмкіндігінсіз өзара іс-қимылды тоқтатуды қамтамасыз етеді.

Банкке немесе төлем ұйымына тиесілі электрондық терминалды және (немесе) мобильді қосымшаны пайдалана отырып төлем жүргізгені үшін комиссияны қоспағанда, сақтанушының немесе сақтандырушының электрондық терминал немесе мобильді қосымша иесіне комиссия (сыйақы) төлеуіне жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы Қағидалардың 3-тармағы бесінші бөлігінің талабы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келетін адамдармен сақтандыру шарттарын жасау кезінде, олардың дербес деректерді беруге келісімі болған кезде қолданылмайды."

Көрсетілген қаулымен бекітілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар:

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Сақтандырушының бағдарламалық-техникалық құралдары мынадай операцияларды іске асыруды қамтамасыз етеді:

1) барлық филиалдар мен өкілдіктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарға сәйкес Бас бухгалтерлік кітапты жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген автоматтандырылған ақпараттық жүйенің талаптарына сәйкес жасалатын барлық операциялар бойынша қосалқы бухгалтерлік есепті жүргізу;

3) сақтандыру резервтерін қалыптастыруды және өзгертуді есепке алу;

4) қайта сақтандырушы, сақтандыру агенті, сақтандыру брокері, сақтанушы, пайда алушы, актуарий туралы мәліметтердің өзгеруі (заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы өзгерген кезде, өзгертілетін деректердің сақталуы және бұрынғы деректер бойынша тіркелген тұлғаны іздеу);

5) жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру сыныптары (түрлері) бөлінісінде, экономика секторының коды бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент), сақтанушының және сақтандыру объектісінің Қазақстан Республикасының өңірлері және басқа елдер бойынша орналасқан жері бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуін есепке алу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру;

6) қайта сақтандырушының резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент), орналасқан жері бойынша сақтандыру сыныптары (түрлері) бөлігінде қайта сақтандыру қызметін есепке алу;

7) сақтандыру салалары мен сыныптары бөлінісінде сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын есепке алу бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу;

8) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары, сақтандыру тәуекелдері (міндеттемелердің көлемі, қайта сақтандыруға берілген міндеттемелердің көлемі), сақтандыру жағдайлары (келіп түскен өтініштердің, бас тартулардың, реттелмеген залалдардың саны) және сақтандыру төлемдері бойынша, сақтандыру сыныптары (түрлері) бөлігінде, жеке және заңды тұлғалар бойынша, экономика секторының коды бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент) бойынша реттелген және реттелмеген наразылықтарды есепке алу бойынша ақпараттық дерекқорды қалыптастыру және жүргізу, сақтанушының және сақтандыру объектісінің Қазақстан Республикасының өңірлері және басқа елдер бойынша орналасқан жері (сақтандыру статистикасының дерекқоры);

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметінде пайдаланылатын қатаң есептілік бланкілерінің (сақтандыру полистерінің) есебін жүргізу;

10) сақтандыру агенттерінің тізілімін жүргізу;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен басшы қызметкерлерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу.

4-2. Сақтандырушының сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын есепке алу жөніндегі бағдарламалық-техникалық құралдарында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) сақтанушының/қайта сақтанушының (егер ол жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе оның атауы (егер ол заңды тұлға болып табылса));

2) сақтанушының жынысы және туған күні ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін);

3) сақтандыру сыныбы, түрі (өнімі);

4) шарттың нөмірі;

5) шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;

6) шарт бойынша сақтандыру объектілерінің саны;

7) шарт бойынша сақтандыру сомасының мөлшері;

8) сақтандыру тарифі;

9) шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

10) сақтандыру жарнасының мөлшері және оны төлеу кезеңділігі ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін);

11) міндетті сақтандыру туралы заңнамада белгіленген тариф бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

12) сақтандыру сыйлықақысынан жеңілдік мөлшері;

13) жеңілдік беру негізі;

14) нақты төленген сыйлықақының сомасы және күні;

15) сақтандыру делдалының тегі, тты, әкесінің аты (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы (егер ол заңды тұлға болып табылса));

16) сақтандыру делдалына комиссия сомасы;

17) шарт жасасу орны;

18) қайта сақтандырушының, сақтандыру брокерінің атауы;

19) қайта сақтандыру шартының нөмірі;

20) қайта сақтандырушыға берілген жауапкершіліктің мөлшері;

21) қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

;

22) қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандырушыдан алынатын комиссияның мөлшері;

23) қайта сақтандырушыға аударылатын сома.

4-3. Сақтандырушының реттелген және реттелмеген талаптарды есепке алу жөніндегі бағдарламалық-техникалық құралдарында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) сақтандыру жағдайының тіркелген күні;

2) сақтандыру жағдайының басталған күні;

3) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы (егер ол заңды тұлға болып табылса));

4) пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауы (егер ол заңды тұлға болса));

5) сақтандыру/қайта сақтандыру шартының нөмірі;

6) сақтандырудың сыныбы немесе түрі;

7) шарттың қолданылу мерзімі;

8) шығынның мәлімделген сомасы;

9) залалды реттеу бойынша шығыстар;

10) бағаланған залалдың сомасы;

11) сақтандыру төлемінен бас тарту сомасы мен негізі;

12) шарт бойынша сақтандыру сомасы;

13) шарт бойынша франшиза;

14) қайта сақтандырушының сақтандыру төлеміндегі үлесі;

- 15) қайта сақтандырушының атауы;  
 16) қайта сақтандыру шартының нөмірі;  
 17) төлеуге есептелген сома;  
 18) төлем сомасы мен күні."

Қазақстан Республикасының  
 сақтандыру нарығына  
 қатысушылардың және бағалы  
 қағаздар нарығы субъектілерінің  
 қызметін реттеу мәселелері  
 бойынша өзгерістер  
 мен толықтырулар енгізілетін  
 нормативтік құқықтық  
 актілерінің тізбесіне  
 1-қосымша  
 Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
 ұйымының және сақтандыру  
 тобының пруденциялық  
 нормативтерінің және сақталуға  
 міндетті өзге де нормалар мен  
 лимиттердің нормативтік  
 мәндеріне және оларды  
 есептеу әдістемесіне  
 4-қосымша

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептеу кестесі**

№	Көрсеткіш атауы	Есепке алынатын көлемі
1	2	3
1	Ақша - барлығы, оның ішінде:	
1.1	қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтері сомасының 1 (бір) пайызынан аспайтын сомадағы кассадағы ақша	100%
1.2	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша	100%
1.3	осы қосымшаның 2.1 және 2.2-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	100%
1.4	осы қосымшаның 2.3-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	90%
1.5	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
1.6	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
2	Салымдар - барлығы, оның ішінде:	
	көрсетілген банктер акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің	

2.1	өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	100%
2.2	мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банктерінің Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері болып табылады	100%
2.3	Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-тен "kzBB"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	90%
2.4	Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің "AA"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар	100%
2.5	Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар	100%
3	борыштық бағалы қағаздар (орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері РЕПО" операциясының мәні болып табылатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) - барлығы, оның ішінде:	
3.1	басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғанды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	100%
3.2	қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.3	акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстан Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры, "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.5	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	90%

3.6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының қор биржасының "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	60%
